

Шымкент қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Шымкент қаласы мәслихатының 2023 жылғы 3 сәуірдегі № 2/16-VIII шешімі. Шымкент қаласының Әділет департаментінде 2023 жылғы 20 сәуірде № 175-17 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы шешім 01.05.2023 бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Экология кодексінің 365-бабы З-тармағының 3) тармақшасына және "Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 24382 болып тіркелген) сәйкес Шымкент қаласының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Шымкент қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Шымкент қаласында тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, кәдеге жаратуға, қайта өндеуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы Шымкент қалалық мәслихатының 2017 жылғы 28 маусымдағы № 17/156-6с (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4162 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шымкент қаласы мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Шымкент қаласының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Шымкент қаласы мәслихатының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім 2023 жылғы 1 мамырдан бастап күшіне енеді.

Шымкент қаласы

мәслихатының төрағасы

Б. Нарымбетов

Шымкент қаласы мәслихатының

2023 жылғы 3 сәуірдегі

№ 2/16-VIII шешіміне қосымша

Шымкент қаласы бойынша халық үшін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге тарифтер

Атауы	Есептік бірлік	Тенге

Жайлыш үйлер	1 түрғыннан айна	378
Жайлыш емес үйлер	1 түрғыннан айна	413
Бірлік (көлем) үшін жылдық тариф	1 текше метр (м3)	2389

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК